

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

Қызылорда ашық университеті

«Бекітемін»

Қызылорда ашық  
университетінің ректоры

*Қ.А.Бисенов* Қ.А.Бисенов

«28» 08 2023ж.



**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН  
ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ПӘНДЕРДІ ТАҢДАУ  
ЕРЕЖЕСІ**

Қызылорда 2023

## **1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

Элективті пәндер (модельдер) каталогын дайындаудың жұмыс нұсқауы Қызылорда ашық университетінің білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар дайындайтын кафедралар элективті пәндер (модельдер) каталогын әзірлегенде қолданады.

## **2. СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР**

Жұмыс нұсқауын даярлау барысында келесі нормативтік құқықтық құжаттар пайдаланады;

- 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
- 2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары»;
- 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары»;
- 4) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;
- 5) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2022 жылғы 24 қарашадағы №152 бұйрығы. «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі»;
- 6) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы».

## **3. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР**

Осы процедурада келесі терминдер қысқартулар қолданылған:

ҚАУ - Қызылорда ашық университеті;

ЖН - Жұмыс нұсқауы;

УС - университет стандарты;

ЭПК - Элективті пәндер каталогы;

ОЖЖ - оқу жұмыс жоспары;

ОПҚ - оқытушы - профессор құрамы;

СЖОЖ - студенттің жеке оқу жоспары.

## **4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

Жұмыс оқу жоспарын толықтыру ретінде мамандық шығарушы кафедралар ағымдағы оқу жылына қабылданғандар үшін элективті пәндер каталогын дайындайды. (Үлгі).

Элективті пәндер (модульдер) каталогы (ЭПК) - зерттеу мақсатын,



қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдер) және зерттеуден күтілетін нәтижелерді көрсете отырып, пәннің қысқаша сипаттамасы берілетін таңдау компоненттері бойынша барлық пәндердің аннотацияланған тізбесі.

ЭПК студенттерге элективті оқу пәндердің баламалы таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Студенттерге элективті пәндерді ретсіз таңдауының алдын алу және жоғары оқу орны әзірлеген білім беру бағдарламаларын іске асыру мақсатында студенттерінің таңдауына ЭПК шеңберінде бірнеше білім траекториясын - өңірлік мамандық Атласын, еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің сұранысын есепке ала отырып, жоғары білім амамандығы бойынша қызметтің нақты бір саласына бағытталған білім беру бағдарламасын меңгеруге мүмкіндік беретін элективті пәндер (модульдер) тізбесін және оларды меңгеру ретін ұсынуға болады.

ЭПК түзуде қазіргі қоғам сұранысы мен қазіргі бітіруші түлектерге байланысты талаптар мен ұсыныстар есепке алынады. Сондықтан да каталогта студенттің өзіндік дамуына бағытталған, тұлғаның өздігінен білім алуға мүмкіндік беретін, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыратын, оқу үдерісінде жаңа білім беру технологияларын меңгерту салалары қарастырылады.

ЭПК студенттерге элективті және балама пәндер арқылы таңдау мүмкіндігін береді және бітірушілер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау мен жұмыс берушілердің ұсыныстары негізінде жаңартылып отырады.

#### **4.1. ЭПК ДАЙЫНДАУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ**

4.1. Элективті пәндер (модельдер) каталогын дайындау келесі тәртіппен жүзеге асады:

- Жұмыс берушілер мен мамандық шығарушы кафедраның жетекші мамандары бірлесе отырып жаңа оқу жылына таңдау пәндерін ұсынады (таңдау бойынша пәндер 50% жұмыс берушілердің талаптары, 25% оқытушы-профессор құрамының ғылыми-зерттеу жұмыстары және 25% білім алушының жеке қызығушылығы есепке алынады).

- Әр кафедра таңдау пәндерінің тізім мен ұсынылған пәндердің қысқаша мазмұнын, мақсаттарын, пререквизит пен постреквизиттерін, қалыптастыратын құзыреттілігін ұсынады.

- Оқу жоспарын әзірлеуші мамандық шығарушы кафедра мамандық бойынша ұсынылған барлық пәндерді зерттеп, элективті пәндер (модульдер) каталогына қажетті пәндерді енгізеді.

4.1.2. ЭПК мамандық шығаратын кафедра дайындайды.

4.1.3. Шығарушы кафедра жұмыс берушілерден ЭПК-на пікір (рецензия) жазбаша түрінде алады.

4.1.4. ЭПК кафедра мәжілісінде талқыланады, іс-тәжірибе базалар басшылармен және жұмыс берушілермен Академиялық сапа жөніндегі комитетінде талқыланып мақұлданады және университеттің Ғылыми Кеңесінде бекітіледі.



4.1.5. Элективті пәндер (модельдер) каталогы мамандық шығарушы кафедрада сақталады.

## 4.2. ЭПК ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

4.2.1. ЭПК жойылғанша немесе жаңасымен алмастырғанша күшін сақтайды.

4.2.2. Академиялық мәселелер бойынша басқармасы элективті пәндер (модельдер) каталогын түзетуге құқылы.

4.2.3. ЭПК-на өзгерістер Ғылыми Кеңес, Академиялық сапа жөніндегі комитетінде қаралып барып енгізіледі.

4.2.4. ЭПК енгізілген өзгертулер негізгі мәтінмен бірге сақталады және Академиялық мәселелер бойынша басқармасының әдіскері арқылы құрылым бөлімдеріндегі экземплярға енгізіледі.

## 4.3. ЭПК ЖӘНЕ ОҚЫТУШЫНЫ ТАҢДАУ ТӘРТІБІ

4.3.1. Элективті пәндер тізбесі мен ОПҚ-нан жасалған ЭПК - нан студенттердің жеке оқу жоспары жасалады.

4.3.2. Студент жеке оқу жоспарынан оқытушы мен таңдаған пәндер тізіміне өтініш білдіреді.

4.3.4. СЖОЖ негізінде ОЖЖ жасалады.

## 5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

Дайындалған элективті пәндер каталогының мазмұнына және талаптардың орындалуына кафедра меңгерушісі жауапты.

Келісілді:

Бірінші проректор



К.А.Еримбетов

Дайындағандар:

Академиялық мәселелер бойынша  
проректоры  
Оқу процесін тіркеуші офисінің  
меңгерушісі



А.Б.Әлібекова



А.Х.Омарова